



ШЫҢҒЫС хан

Моңғол Империясы.

Шыңғыс хан



Шыңғыс хан - негіздеуші және маңғол империянің бірінші ұлы ханы, ол тайпаларды біріктірді және ұйымдастырды: Қытайға, Орта Азияға
Кавказқа және Шығыс Европаға жіберді.



Өмірге келді: Делюн-Болдок 1155ж.

Қайтыс болды: 18 тамызда 1227 ж., Си Ся

Балалар: Үгэдэй, Джучи, Чагатай, Толу й, Алагайбеги, Чичиган,
Алалтун, Тэмулэн, Ходжин-бэги

Ата-ана: Есугей, Оэлун

Әйел: Бортэ (некеде 1227

ж) Худан (некеде 1215 ж) Есуган Есүй

Маңғол империясы.

Маңғол империясы – мемлекет, 13 ғасырда
Құрылды, нәтежиде Шыңғыс ханның табыста. Мемлекеттің
территориясы
Дунайдан Жапония теңізге және Новгородтан Шығыс Азияға.



Неге Маңғол империясының әскері әрқашан жеңді.

Моңғол әскерде қатал тәртіп болды. Егер
бір
сарбаз сатады, оның он адамдарды



Мыңды
қ
↓
Жүзбас
ы
↓
Онды
қ

Әске

р

ауыр атты
әскер

Жеңіл атты
әскер



Ұлы жасақ.



Яса – әскери - құқықтық заңдар жинағы. 1206 жылы Шыңғысханның басқаруымен өткен түркі - моңғол ақсүйектерінің құрылтайында құрастырылған

Яса – Шыңғысхан тұсында қабылданған моңғолдардың әдет-ғұрып заңдарының жинағы. 13 ғасырдың басында моңғол мемлекетінің құрылуы мемлекетті басқару үшін ортақ, жазбаша баянды етілген құқықтық нормалар мен заң ережелерін әзірлеу қажеттігін туғызды



Пошталық системасы.



Моңғолдарда пошталық системасы пошталық станциясында көрсеткен.
Бұл – Ямдар. Ямда жолаушы демалу, жеу, басқа ат беру болады. Шыңғыс хан кеденді,
ямдарды.



Отырар шайқасы

Содан көп кешікпей Шыңғысхан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенде Моңғол жансыздарын қоса есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен 1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Отырардың билеушісі қыпшақ Ғайыр-хан Иналшық көпестерді тыңшылық жасады деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырып, керуенді тонап алды. Шыңғысхан Қайыр-ханды ұстап беруді талап етті, бірақ хорезмшахтың бұл талапты орындамағаны былай тұрсын, сонымен бірге елшілерді өлтіруге әмір етеді. Бұл Шыңғысханның Хорезмге қарсы соғысына себеп болды. Тіпті хорезмшах Ғайыр-ханды Моңғолдарға ұстап бергісі келсе де, оның мұны жүзеге асыруы екіталай еді



Шыңғысханның хорезмшахпен соғысу үшін жинаған әскерінің дәл саны белгісіз, одақтастарымен - Жетісу қарлуқтарымен және Шығыс Түркістан ұйғырларымен қосып алғанда 150 мың жауынгер деген сан жобаға келеді.

Жорық 1219 жылдың қыркүйегінде Ертіс жағалауынан басталды.

Деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, Шыңғысхан әскерін Ертістен Сырдарияға дейін бұрынғы жаулап алушылар жүрген жолмен — Жетісу арқылы алып өткен.

Отырарға таянғанда Шыңғысхан оны қоршауға ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарған әскерлерді қалдырып, Жошыханды Сырдарияның төменгі ағысына - Жент және Жанкент қалаларына жіберді, үшінші топ Сырдарияның жоғарғы ағысындағы қалаларды бағындыруға кетті, ал Шыңғысханның өзі негізгі күштерімен Бұхараға аттанды. Отырардың билеушісі Қайыр-хан бар күшін салып ең соңғы мүмкіндігін

Отырарды қоршау бес айдай уақытқа созылды. Қаһармандық қорғаныстың бесінші айы бітуге айналғанда хорезмдік әскербасы Қаража-хаджиб он мыңдық қолымен Моңғолдарға беріліп, оларды қалаға кіргізіп жіберді. Алайда Отырар сонда да табандылықпен қорғана береді. «Арыстандай айбарлы» әскерлер тобымен Ғайыр-хан берік қамалға бекініп алды да, Моңғолдарға оны алу үшін тағы бір ай уақыт керек болды. Қамалды қорғаушылар түгел қырылғаннан кейін ғана ол 1220 жылғы ақпанда алынды. Ғайыр-хан қолға түсіп, Шыңғысханның алдына апарылған жерде қатал жазаланып өлтірілді.

Жошы



Жошы хан (1187-1227 жылдары) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет - Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені



Шағатай.


Шағатай ұлысы — Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай билік құрған әкімшілік аймақ. Шыңғыс хан Орталық Азиядан жаулап алған жерлерін төрт ұлының (Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле) үлесіне бөліп бергенде Шағатайға Әмудария, Сырдария, Мауераннахр, Жетісу, Іле, Шығыс Түркістан (бұрынғы Батыс Ляо мемлекеті негізінде) жерлері тиді. Ұлыс орталығы әр жылдары Алмалық, Қиялық, Карши, Ақсу қалалары болды. Шағатай ұлысының халқы отырықшы және көшпелі екі бөлімнен құралды.

Үгедей

Шыңғыс ханның үшінші ұлы, Моңғол Ұлысының екінші ұлы ханы (1229 – 1241), әкесінің мұрагері. Шыңғысханның көршілес елдерін жаулап алу саясатын жалғастырған. Батыс Қытайға және Орталық Азия жорықтарына қатынасқан. Жас кезінен әкесінің жорықтарына қатынасты. 1211 – 15 жылы Солтүстік Қытайға (Цзань империясы), 1218 – 22 жылы Орта Азияға (Хорезм) жорық кезінде жеке жасақтың басшысы болды. Орта Азия қалаларын қоршауға алу кезінде Шыңғысханның үлкен 2 ұлы Жошы мен Шағатай арасында үнемі дау туа бергендіктен, әкелері Өгетайды бірінші орынға шығарып, 2-ағасын оған бағынуға міндеттеді.

Төле.

Төле, Толи, Толуй (т.-ө. ж. б.) – түркі-моңғол ханзадасы, Шыңғыс ханның 4-ұлы. Шешесі Бөрте – қоңырат тайпасынан шыққан. Төле жас кезінен бастап үнемі әкесінің жанында болып, моңғолдардың негізгі жорықтарының бәріне дерлік қатысқан. Кейіннен Шыңғыс хан өзі билеген аймақтарды Бөртеден туған 4-ұлына бөліп бергенде, Төлеге қарашаңырақ иесі – кенже бала ретінде моңғол үстірті мен түркі-моңғолдардың негізгі әскер күші мұраға қалдырылған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін ол тақ мұрагері – ағасы Үгедейге бағынды және мемлекеттегі аса беделді адамдардың бірі ретінде елдің ішкі-сыртқы саясатында үлкен рөл атқарды.

- 
- ***Thank you!***
 - ***Спасибо за внимание!***
 - ***Назар қойып
тыңдағандарыңызға рахмет!***